



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ

Апта күні: бейсенбі

Күні: 26.06.2025ж.

Уақыт: 15⁰⁰ сағат

ХБК Ғылыми Кеңесінің кезекті отырысының № 11 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

Ғылыми Кеңесінің төрағасы – М.Б.Имандосова, т.ғ.д., профессор, ректор
Ғалым хатшы – Ш.М.Құлтаева, Ph.D., қауымдастырылған профессор, ҒЖИ
аға үйлестірушісі

Қатысқандар: Ғылыми Кеңестің 42-нің 35-і қатысты (тіркеу қағазы
қосылған).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2026 оқу жылының бірінші семестрінде оқу жұмыстарының ұйымдастырылу міндеттері, жазғы емтихан сессиясының нәтижелері және түлектердің қорытынды аттестациясы туралы.

2. 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша көктемгі семестрде босатылған мемлекеттік білім гранттарын толық ақысын төлеп оқитын студенттерге тағайындау туралы.

3. 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша 2025-2026 оқу жылының бірінші семестріне Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындаған стипендияларын тағайындау туралы.

4. «Халықаралық білім корпорациясы» ЖШС даму стратегиясының мақсатты индикаторларын орындау туралы.

5. 2024-2025 оқу жылының қысқы қабылдауындағы докторанттардың докторлық диссертация тақырыптарын бекіту туралы.

6. 2024-2025 оқу жылындағы Ғылыми кеңестің жұмысының қорытындысы және 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту туралы.

7. Түрлі мәселелер.

7.1. ХБК Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

7.2. ХБК ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландырудың нәтижелері және 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарлар туралы.

7.3. 2025 жылғы қабылдау науқанының ұйымдастырылуы туралы.

7.4. ХБК әскери кафедрасына қабылдау нәтижелері туралы.

7.5. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестациялық комиссиясының төрағасының есебі туралы.

7.6. СМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессор-зерттеушісі А.К.Туякаеваның; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Е.А.Ельжановтың; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры О.Д. Сейтказиновтың; ИМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Г.Ж.Жараспаеваның, PhD Ш.У.Лайсхановтың кандидатураларын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына үміткер ретінде ұсыну туралы.

7.7. Басылымға ұсыныстар.

7.8. Қазақ-Америка университетінің жаңартылған білім бағдарламаларын бекіту туралы.

7.9. «Халықаралық білім корпорациясы» ЖШС-нің жаңартылған білім бағдарламаларын бекіту туралы.

Мәжілістің алдында Ғылыми Кеңестің төрағасы М.Б.Имандосова ашық дауыспен күн тәртібін мақұлдады.

1. 2025-2026 оқу жылының бірінші семестрінде оқу жұмыстарының ұйымдастырылу міндеттері, жазғы емтихан сессиясының нәтижелері және түлектердің қорытынды аттестациясы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ф.М.Абдиллаева, тіркеуші – қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, жазғы емтихан сессиясының қорытындылары, түлектердің қорытынды аттестация нәтижелері және 2025-2026 оқу жылының бірінші семестрінде оқу жұмысын ұйымдастыру міндеттері туралы баяндады.

ҚАУЛЫ:

1. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы – тіркеуші Ф.М.Абдиллаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Мектеп декандарына:

1) Қате анықталған ТТБ және ЭСБ-ларды талдау жүргізу, емтихан материалдарының сапасын арттыру мақсатында профессор-оқытушы құрамымен жұмыс істелінсін.

2) Пәндер мен емтихан формалары бойынша оқу жетістігін талдау жүргізу, сессия қорытындыларын мектеп кеңестерінің отырыстарында талқылау ұйымдастыру және аралық аттестацияны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізісін.

3) Мектеп кеңестері отырыстарында студенттердің сессия өткізу ережелерін бұзу жағдайларын қарау, қайталанатын бұзушылықтардың алдын алу үшін тәртіптік шаралар қолдансын.

4) Апелляция берілгенде студент толық билет немесе сұрақтың жалпы мазмұны бойынша емес, нақты келіспейтін сұрақты анықтап көрсетуі тиіс.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

2. 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша көктемгі семестрде босатылған мемлекеттік білім гранттарын толық ақысын төлеп оқитын студенттерге тағайындау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ректор М.Б.Имандосова мәселені қарауды кейінге қалдыру туралы хабарлады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың берген ақпараты қабылдансын.
2. Мәселені қарастыру Ғылыми кеңестің келесі отырысына қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

3. 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша 2025-2026 оқу жылының бірінші семестріне Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындаған стипендияларын тағайындау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ректор М.Б.Имандосова мәселені қарауды кейінге қалдыру туралы хабарлады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың берген ақпараты қабылдансын.
2. Мәселені қарастыру Ғылыми кеңестің келесі отырысына қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4. «Халықаралық білім корпорациясы» ЖШС даму стратегиясының мақсатты индикаторларын орындау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ректор М.Б.Имандосова мәселені қарауды кейінге қалдыру туралы хабарлады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың берген ақпараты қабылдансын.
2. Мәселені Ғылыми кеңестің келесі отырысына қалдырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

5. 2024-2025 оқу жылының қысқы қабылдауындағы докторанттардың докторлық диссертация тақырыптарын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: А.С.Магметова, жоғарғы оқу орнынан кейінгі департаментінің директоры, екі докторанттың таңдалған диссертациялық тақырыптарымен таныстырды:

- 1) Болатова Раяна Болатовна – диссертация тақырыбы: «Қазақстандағы ағаш материалдарынан есіктер өндірісінің өмірлік циклі талдауы» білім беру

бағдарламасы 8D07211 «Ағаш өңдеу технологиясы және ағаш бұйымдары (қолдану салалары бойынша)»;

2) Дүйсен Бауыржан Исраилұлы – диссертация тақырыбы: «Қазақстанның Ұлы Жібек жолындағы Дүниежүзілік мұра ескерткіштеріндегі мәдени-туристік кешендердің архитектурасы» білім беру бағдарламасы 8D07311 «Архитектура».

ҚАУЛЫ:

1) Докторантура департаментінің директоры А.С.Махметованың берген ақпараты қабылдансын.

2) 2024-25 оқу жылының қысқы қабылдауындағы докторанттардың докторлық диссертация тақырыптары бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

6. 2024-2025 оқу жылындағы Ғылыми кеңестің жұмысының қорытындысы және 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. М.Б.Имандосова, ректор, 2025-26 оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жаңа жұмыс жоспарымен таныстырды.

2. Ш.М.Құлтаева, Ғалым хатшы, 2024-25 оқу жылындағы Ғылыми кеңестің жұмысы туралы есеп берді.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың берген ақпаратты қабылдансын.

2. Ғылыми хатшы Ш.М.Құлтаеваның берген ақпараты қабылдансын.

3. 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7. Түрлі мәселелер.

7.1. ХБК Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ректор М.Б.Имандосова бұл мәселені қарау келесі Ғылыми кеңес отырысына ауыстырылатынын хабарлады.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың берген ақпараты назарға алынсын.

2. Мәселені қарауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына ауыстырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.2.ХБК ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландырудың нәтижелері және 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарлар туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: ҒЖИД директоры Ш.У.Лайсханов 2024–2025 оқу жылындағы ХБК ғылыми-зерттеу әзірлемелерін коммерцияландыру нәтижелерін ұсынып, жасалған шаруашылық келісімшарттарды және жобалардан түскен кірістерді баяндады, коммерцияландырудың конкурстық құжаттамасымен таныстырды, сондай-ақ 2025–2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: сұрақтар, ескерулер және ұсыныстармен ректор М.Б.Имандосова, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Ж.Н.Молдамуратов.

Талқылаудан кейін,

ҚАУЛЫ:

1. ҒЖИД директоры Ш.У.Лайсхановтың ақпараты назарға алынсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған коммерцияландыру жоспары мақұлдансын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.3. 2025 жылғы қабылдау науқанының ұйымдастырылуы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Ф.М.Абдиллаева, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, 2025 жылғы қабылдау науқанына дайындық барысы, қабылдау комиссиясының жұмыс ерекшеліктері, процестердің ашықтығы мен цифрландыруды арттыру шаралары туралы баяндады.

ҚАУЛЫ:

1. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, Ф.М.Абдиллаеваның ақпараты назарға алынсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.4. ХБК әскери кафедрасына қабылдау нәтижелері туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Әскери кафедра бастығы Д.К.Үмбетов баяндама жасап, «ХБК» ЖШС беделінің жоғары болуы және әскери кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының сапалы жұмысы студенттердің рекордтық қызығушылығына ықпал еткенін атап өтті: биыл әскери дайындыққа шамамен 715 өтінім қабылданып, оның ішінде 360 үміткер медициналық комиссиядан өтті, ал қорытынды іріктеу нәтижесінде 349 адамды қабылдау жоспарлануда.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: сұрақтар, ескерулер және ұсыныстармен ректор М.Б.Имандосова.

ҚАУЛЫ:

1. Әскери кафедра бастығы Д.К.Үмбетовтың берген ақпараты назарға

алынсын.

2. Әскери кафедрадағы беделділікті және дайындық сапасын арттыру жұмыстарын әрі қарай жалғастырылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.5. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестациялық комиссиясының төрағасының есебі туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: 2024–2025 оқу жылындағы қорытынды аттестациялық комиссияның есебін ұсынған СМ мектебінің деканы М.И.Хасенова; ДМ мектебінің деканы А.А.Зименко; ҚМ мектебінің деканы О.Д.Сейтказинов; ИМ мектебінің деканы Е.Б.Макашев.

ҚАУЛЫ:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған қорытынды аттестациялық комиссияның есебін назарға алу.

2. Студенттерді даярлау сапасын және қорытынды аттестацияның тиімділігін арттыру мақсатында есепте ұсынылған ұсыныстарды мектеп декандары мен оқытушыларға ескеру ұсынылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.6. СМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессор-зерттеушісі А.К.Туякаеваның; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Е.А.Ельжановтың; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры О.Д. Сейтказиновтың; ИМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Г.Ж.Жараспаеваның, PhD Ш.У.Лайсхановтың кандидатураларын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына үміткер ретінде ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1) СМ-нің қауымдастырылған профессор-зерттеуші Айнагуль Кайырбаевна Туякаеваның кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну жөнінде ғалым хатшы Ш.М. Құлтаеваны тыңдады.

А.А. Туякаева – сәулет саласында 20 жылдан астам ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар маман. Сәулет ғылымдарының кандидаты, 2009 жылдан бері Халықаралық білім беру корпорациясының СМ-де қауымдастырылған профессор болып жұмыс істейді. 50-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, оның ішінде 2 монографияның авторы. Web of Science және Scopus базаларындағы басылымдарда мақалалары жарық көрген. Ғылыми жетекшілігімен студенттері бірнеше рет халықаралық және республикалық байқаулардың жүлдегері атанды. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2019» атағының иегері. Ғылыми жобаларға қатысып, білім беру бағдарламаларының сарапшысы және диссертациялық кеңестің мүшесі

ретінде қызмет атқарады.

2) ҚМ-нің қауымдастырылған профессоры Ербол Абдрахманович Ельжановтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну жөнінде ғалым хатшы Ш.М. Құлтаеваны тыңдады.

Е.А.Ельжанов– техникалық ғылымдар кандидаты, 2017 жылдан бері Халықаралық білім беру корпорациясында қауымдастырылған профессор лауазымында қызмет атқарады. Ғылыми-педагогикалық өтілі – 23 жыл, соның ішінде Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ мен ХБК-де басқарушылық тәжірибесі бар. 11 ғылыми жарияланымның авторы, оның 6-ы Scopus және Web of Science базаларында, 5-еуі уәкілетті орган ұсынған басылымдарда жарық көрген. Соңғы жылдары 5 оқу құралын және 1 монографияны жариялап, шетелдік ұжымдық монографияның авторы болды. Ғимараттар мен құрылыстарды есептеу және жобалау бағыты бойынша республикалық олимпиадалар мен конференциялар жүлдегерлерін дайындаған. Ғылыми жобаларға жетекші зерттеуші ретінде белсенді қатысады.

3) ҚМ-нің қауымдастырылған профессоры Оразалы Дауткалиевич Сейтказиновтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну жөнінде ғалым хатшы Ш.М. Құлтаеваны тыңдады.

О.Д.Сейтказинов– техникалық ғылымдар кандидаты, 2010 жылдан бастап Халықаралық білім беру корпорациясында қауымдастырылған профессор қызметін атқарып келеді. Ғылыми-педагогикалық жалпы еңбек өтілі – 20 жыл, оның 15 жылы профессорлық лауазымда. Scopus және Web of Science деректер базасында жарияланған мақалаларды қоса алғанда, 20 ғылыми мақаланың, 5 оқу құралы мен 1 монографияның авторы. Оның жетекшілігімен студенттер бірнеше рет республикалық байқаулар мен конференциялардың жүлдегерлері атанды. ҚР Индустрия және құрылыс министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған (2024).

4) ИМ-нің қауымдастырылған профессоры Гульжанар Жумағалиевна Жараспаеваның кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну жөнінде ғалым хатшы Ш.М.Құлтаеваны тыңдады.

Г.Ж.Жараспаева– техникалық ғылымдар кандидаты, 2010 жылдан бері ХБК-де қауымдастырылған профессор болып қызмет атқарады. Ғылыми-педагогикалық өтілі – 23 жыл, оның 15 жылы профессорлық лауазымда. 50-ден астам ғылыми жарияланымның авторы, соның ішінде Scopus және Web of Science базаларындағы мақалалар бар. Соңғы 5 жылда 4 оқу құралы жарық көрді. Ғылыми жетекшілігімен студенттері республикалық және халықаралық байқаулардың жүлдегері атанған. Бірқатар патенттер мен авторлық құқық объектілерінің иесі. Тіршілік қауіпсіздігі саласындағы ғылыми және қолданбалы жобаларға белсенді қатысады.

5) (Ph.D.) философия докторы Шахислам Узакбаевич Лайсхановтың кандидатурасын қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну жөнінде ғалым хатшы Ш.М. Құлтаеваны тыңдады.

Ш.У.Лайсханов – «География» мамандығы бойынша (Ph.D.) философия докторы. 12 жылдық ғылыми-педагогикалық өтілі бар. Қазіргі уақытта Халықаралық білім беру корпорациясында Ғылым және инновациялар

департаментінің директоры. 66 ғылыми жарияланымның авторы, оның ішінде 12 мақала Scopus базасында, 19 мақала ҚР БҒМ ұсынған басылымдарда жарық көрген. 3 монография, 1 оқулық, 5 оқу құралы шығарған. 1 PhD қорғаған диссертанттың ғылыми жетекшісі. Студенттері бірнеше республикалық және халықаралық байқаулардың жүлдегері. Мемлекеттік марапаттардың иегері: «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2022», Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері, және Құрмет медальдары («Абай атындағы ҚазҰПУ-ға 95 жыл», «Сәтбаевтың 125 жылдығы»).

ҚАУЛЫ:

1. Ғалым хатшы Ш.М. Құлтаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. СМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессор-зерттеушісі А.К.Туякаеваның; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Е.А.Ельжановтың; ҚМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры О.Д. Сейтказиновтың; ИМ-нің т.ғ.д., қауымдастырылған профессоры Г.Ж.Жараспаеваның, PhD Ш.У.Лайсхановтың кандидатуралары қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынылсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.7. Басылымға ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ: ұсынылған қолжазбалармен және авторлардың қажетті құжаттарымен: басылымға ұсыныммен факультет хаттамаларынан үзінді көшірмеле оң рецензиялар және плагиатқа қарсы анықтамалармен таныстырған ғалым хатшы Ш.М.Құлтаева. ҰК1 және ҰК2 мәндері рұқсат етілген деңгейден аспайды. ЦК мәні қолайлы. Ұсынылады.

ҚАУЛЫ:

1. Ғалым хатшы Ш.М.Құлтаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Басылымға келесі авторлардың қолжазбалары ұсынылсын:

1) А.Ержанқызы, Э.О.Орынбасарова, И.А.Кузнецова. Аэрофотосъемка БПЛА: технологии и практики для междисциплинарных исследований. Оқулық;

2) Б.М.Аубакирова, А.Х.Тасмаганбетова, Д.С.Дугучиев. Азаматтық ғимараттардың сәулеті. Оқу құралы;

3) З.Н.Алтаева, А.С.Естемесова Теоретические основы нанотехнологии в материаловедении. Оқу құралы;

4) A.Akhmetova, Sh.Sulaimanova. Methods of creative design. Оқу құралы;

5) A.Akhmetova, Sh.Sulaimanova. Architectural typology. Оқу құралы;

6) Г.К.Садвокасова. Архитектурно-пространственная организация системы пешеходных пространств в городской среде. Оқу құралы;

7) Л.Т.Нуркушева. Конструирование объектов промышленного дизайна. Монография;

8) Л.Т.Нуркушева. Проектирование и конструирование объектов предметного дизайна. Монография.

7.8. Қазақ-Америка университетінің жаңартылған білім беру бағдарламаларын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Б.А.Сабденалиев, провост, 2025–2026 оқу жылына арналған Қазақ-Американ университетінің (бұдан әрі – «ҚАУ») 12 бакалавриат білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларын (ЖОЖ) жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 4 наурыздағы №90 бұйрығы) сәйкестендіру бойынша ақпаратпен таныстырды. ЖОЖ-ға келесі базалық университеттік пәндердің енгізілгені атап өтілді: «Әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму (SDG)» – 3 кредит, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» – 3 кредит, «Ғылыми зерттеу әдістері» – 5 кредит, «Экология және тіршілік қауіпсіздігі» – 3 кредит, «Академиялық жазылым» – 3 кредит. Сонымен қатар, таңдау компоненті ретінде келесі пәндер енгізілді: «Құқық негіздері» – 3 кредит, «Қаржылық сауаттылық негіздері» – 3 кредит, «Кәсіпкерлік негіздері» – 3 кредит, «Экономика негіздері» – 3 кредит. Бұған қоса, жалпыұлттық бірлік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру аясында «Журналистика» білім беру бағдарламасына «Этносаяси сауаттылық» пәні енгізілді.

ҚАУЛЫ:

1. Провост Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.
2. ҚАУ бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын 2025–2026 оқу жылына арналған жаңартылған МЖМБС құрылымына сәйкес 240 академиялық кредит көлемінде жаңарту бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

7.9. «Халықаралық білім корпорациясы» ЖШС-нің жаңартылған білім бағдарламаларын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Провост Б.А.Сабденалиев қатысушыларды «Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» мен «Білім беру бағдарламаларын жаңарту» процестердің регламенттерімен, «ХБК» ЖШС-нің ЖББП Реестріндегі БББ ағымдағы жағдайымен таныстырды. Ол 42 білім беру бағдарламасы БББ Реестрінде жаңартылатынын хабарлады.

ҚАУЛЫ:

1. Провост Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.
2. Келесі білім беру бағдарламаларының жаңартылған нұсқалары бекітілсін:
 - 2.1. СМ бойынша:
 - 1) 6B07311 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті
 - 2) 6B07312 Қала құрылысы
 - 3) 6B07313 Ландшафт сәулеті
 - 4) 6B07314 Тарихи-мәдени мұраны сақтау

- 5) 7M07311 Сәулет (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 6) 7M07312 Сәулет (бейіндік бағыт)
- 7) 8D07311 Сәулет

2.2. ИМ бойынша:

- 1) 6B06201 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
- 2) 6B07212 Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібіндегі инженерия
- 3) 6B07301 Кадастр
- 4) 6B07324 Құрылыстағы экономика және менеджмент
- 5) 6B07371 Геодезия және картография
- 6) 7M07211 Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы (қолдану саласы бойынша) (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 7) 7M07212 Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы (қолдану саласы бойынша)
- 8) 7M07324 Құрылыстағы экономика және менеджмент (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 9) 7M07326 Құрылыстағы экономика және менеджмент (бейіндік бағыт)
- 10) 7M07361 Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 11) 7M07362 Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру (бейіндік бағыт)
- 12) 7M07371 Геодезия (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 13) 7M07372 Геодезия (бейіндік бағыт)
- 14) 8D07211 Ағаш өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау технологиясы (қолдану саласы бойынша)
- 15) 8D07361 Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру
- 16) 8D07371 Геодезия

2.3. ҚМ бойынша:

- 1) 6B07321 Ғимараттар мен имараттарды есептеу және жобалау
- 2) 6B07322 Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы
- 3) 6B07327 Құрылыстағы Ақпараттық технологиялар
- 4) 6B07351 Жылугазбен қамтамсыз ету және желдету
- 5) 6B07353 Су инжинирингі, жобалау және басқару
- 6) 6B07373 Ғимараттар мен имараттарды есептеу және жобалау (қосдипломды)
- 7) 6B07342 Автомобиль жолдары және аэродромдар құрылысы
- 8) 7M07321 Құрылыс (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 9) 7M07323 Құрылыс (бейіндік бағыт)
- 10) 7M07322 Инженерлік жүйелер және желілер (ғылыми-педагогикалық бағыт)
- 11) 7M07325 Инженерлік жүйелер және желілер (бейіндік бағыт)
- 12) 8D07321 Құрылыс

2.4. ДМ бойынша:

- 1) 6B02121 Сәулеттік дизайн
- 2) 6B02122 Графикалық дизайн

- 3) 6B02123 Өндірістік дизайн
- 4) 6B02124 Сән дизайны
- 5) 7M02120 Дизайн (ғылыми-педагогикалық бағыт)

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға

Ғалым хатшы



М.Б. Имандосова

Ш.М. Құлтаева